

**Ақжайық аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы № 7-6 "Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 12-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 7318-07 болып тіркелді

**Ақжайық аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақжайық аудандық мәслихатының "Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 13 қазандағы № 7-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7266-07 болып тіркелді) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Ақжайық ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 – тармағының 34) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"34. Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғасына қатысып, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған адамдарға бір рет 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде.";

7 – тармағының 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1 ауруын дәлелдейтін анықтамаға сәйкес емделудің амбулаторлық кезеңіндегі туберкулезбен ауыратын тұлғаларға табыстарын есепке алмай, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ай сайын;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақжайық аудандық мәслихат төрағасы*

*С. Сиражев*